

Совет А.Ә., академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, журналистика бөлімінің ІІ курс магистранты
(*Ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор Асанов Қ.Д.*)

«ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫ» – ЭТНО-МӘДЕНИ БІРТҰТАСТЫҚТЫҢ КЕШЛІ

Ақселеу Сейдімбек мұрасы – ғылымға тікелей жаңалық әкелген, тыңнан түрен салған әлем. Ғалымның ғылымдағы жетістігі – «Мен тұңғыш рет қазақ ру-тайпаларының этникалық бөлік емес, бұл әкімшілік-аумақтық, территориялық бөлік екенін қолмен ұстатқандай дәлелдеп отырмын. Демек, жүзге бөліну деген сөз барып тұрған ақымақтық, төл тарихын білмеушілік болып шығады...» деген бір пікірінде.

Қазақ қоғамы ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап ұлтаралық араласушылыққа ұшырап, елдің әлеуметтік өмірінде мал шаруашылығы дамып, аграрлы-өндірістік жүйе үстемдік құра бастады. Мұндай тарихи-әлеуметтік жағдайда ұрпақтың зердесі сергек болып, білімге ұмтылған, қазақтың ертеңіне бей-жай қарамайтын ұрпақ қалыптасты. Осы ретте ғылыми -танымдық тұрғыда жазылған «Қазақтың ауызша тарихы» деп аталатын Ақселеу Сейдімбектің соңғы еңбегі – күш-жігер мен қабілетке, шеберлікке құрылып жазылды. Бұл ретте, автор: «Қаншама дерек жинақталды. Соның бәрін жүйе-жүйесімен ретке келтіріп, тәптіштеп шығу орасан күшке түсіп жатыр. Кез келген туындыны жазу үшін өзімнің арнайы қолданатын әдісім бар. Ол «кілт» деп аталады. Мысалы, «Қазақтың күй өнерін» жазуды осы әдіс арқылы бітірдім. Ал оны мен марқұм Лев Гумилевтен үйрендім. Бір жолы Мәскеуге барып, өзімнің ғылыми жұмысымды көрсеткенімде, оның есі шығып кетті. «Ой, батыр-ау, осылай да адам өзін қинауына бола ма? Мына деректерден адам адасады ғой. Тіпті, жынданып кетуге де болады ғой. Әй-әй, ай! Осылай да бола ма екен? Мынау не деген бейнет!» – деп басын шайқап-шайқап отырды да өзінің қалай жұмыс істейтінін көрсетті. Міне, қара. Мынау «Қазақтың күй өнері». Енді мынау кілтті қара», – деп ағатайым маған мұқият түптелген қолжазба кітапты көрсетті. «А» деп басталады. «Абай» деген сөзден кейін кілең шифр. Нақ бір барлаушының дәптері сияқты. «Ал енді не түсіндің?» – деді Ақан. Мен еріксіз басымды шайқадым. «Міне, мен болмасам мынаның бәрі әшейін цифр болады да қалады. «Қазақтың ауызша тарихы» да тап осы сияқты. Бұны мен бітірмесем, басқа ешкімнің де тісі батпайды, – деп еді» деген екен бір естелігінде. Ерекше қыры қазақтың ынтымақ бірлігі, тіршілігі, ұлт басына түскен мәселелерді айта алып, билік басындағыларға жеткізе білуі. «Қазақтың ауызша тарихында» алғаш рет шежіре жөнінде теориялық жүйелі ойлар түйінделді. Рулық құрылымның таралымы түбегейлі зерттелді. Жүздік құрылымның пайда болуына байланысты бірнеше нұсқада деректер келтірілген.

«Қазақтың ауызша тарихы» – ұлттың бас шежіресіне ұмтылып тұрды. Осыған дейін мұндай халық аузында жүрген мың сан шежірені біріктіре алған, оларды бір өрістен өргізген еңбек болған жоқ. Ғылыми сипатын зерделеген Мырзатай Жолдасбеков Ақаңның ақырғы еңбегі жөнінде сөз қозғағанда, «– Осы кітаптан кейін Ақселеу: Мырзеке, қазір тіпті саусағым да жауыр болды. Енді тіпті қалам да ұстағым келмейді, қағаздың да бетіне қарағым келмейді деп жүретін. Ойпырым-ай, ол кезде мән бермейміз, енді ойлап қарасак, тіпті соның бәрін бітіріп кетейін деп жанталасып осыншама қыруар еңбекті жазған сияқты» дегенін жеткізген. Сонда Ақаң қолға алған ісіне жан сала кірісіп, деректерді тынғылықты зерттеді. Ғалым еңбектенуден еш жалықпаған, қайта қазақ руханиятының биіктеуіне үлес қосты.

«Дүниеден өтерден бір жыл бұрын үйіне барғанымда кітаптың көптігінен ауызғы бөлме жаққа қарай арнайы сөрелер жасатқанын көрдім. Еденнен төменге дейін тіркелген жаңаға сөрелердің бәрі ру-тайпаларға арналған папкалармен толтырылған. Қазақ шежіресіне қатысты мың-мың парақ қағазды жылдай бойы ерінбей-жалықпай жинағанының, соның бәрін жүйелеп отырғанының арқасында Ақаң «Қазақтың ауызша тарихы» атты кітап көлемімен мың беттей болатын ең соңғы, ең басты еңбегін аз уақыттың аясында жазып тастаған» деп жазады бір естелігінде Сауытбек Абдрахманов. Қазақтың әдебиетін ғана емес, қалың тарихын да тереңдетіп қазақтың әдебиеттану ғылымына үлесін қосқан Ақселеу Сейдімбек – ғалым, этнограф, күйші, қазақтың жоқшысы болды. Әдебиеттану ғылымына барынша белгілі дәрежеде араласты. Мысалы, «Қазақтың ауызша тарихына» ұқсас Гомер поэмаларының қара сөзбен әңгімеленуі және оның оқырман көңілінен шығуы Ақселеу Сейдімбекке ой салды. Қазақстанда этнографиялық және этнологиялық ізденістердің жандануында көшпелілердің төлтума мәдениеті деген ұғымның орнығуына тегеурінді үлес қосты. Қазақтың музыкалық мәдениетінде бес мектептің бәрін алғаш рет саралап танып, олардың даралық сипаты мен типологиялық тұтастығын айғақтап берді. Қазақтың эпикалық қарымы кең, поэтикалық қуаты тегеурінді жыр-дастанын насихаттау мақсатынан туындаған бұл еңбегі– эпосты қара сөзбен

баяндаудағы алғашқы бастама еді. Кешікпей-ақ, бұл бастама қазақ қаламгерлері тарапынан қолдау тауып, эпикалық мұралардың біразы қара сөзбен баяндалып, жеке кітап болып жарық көрді. Ғажайып мәдени ескерткіштер, өнер туындыларының дүниеге келу тарихы туралы деректері – рухани ауызбіршіліктің тікелей сипаттамасы. Тарихи-әлеуметтік жағдайда ұрпақтың зердесі сергек болып, білімге ұмтылған, қазақтың ертеңіне бей-жай қарамайтын, дәстүрлі құндылықты басты орынға қойған, барша болмысын тал бойына дарытқан, жаңа қоғамды жасақтаушы ұрпақ қалыптасты. Олардың ізденгіштікке ұмтылған қасиеттері мәдени-рухани қасиетінде айқын көрініс тауып, ұлттық рухы биік, бояуы қанық тың туындылар беруіне себепші болды. Белең алған өзгерістер Ақселеу Сланұлының да шығармашылық тағдырына айналды. Ғалым әрекеттерден тыс қалмай, шығармасына арқау етті.

«Қазақтың ауызша тарихында» толайым дүниелер шежіре жөнінде теориялық жүйелі ойлар қамтылды. Рулық құрылымның таралымы түбегейлі зерттелді. Жүздік құрылымның пайда болуына байланысты деректер келтіріліп, мың шежірені біріктірген. Кітапта найманның Ұлы жүздің Әлпеш атты әйелінен тарайтынын, қаракесек руының анасы Кіші жүздің қызы Қарқабат екенін келтірген. Сондай-ақ, қазақтың ауызша тарихына үңіліп, оның астарынан «Қазақтың күй өнері» туындысын жазып шығуы – мемлекеттік сыйлықтың лауреаттығына бағалануы өзін ерекше марқайтты. Асқаралы алпысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтан өз қолымен жазған құттықтауын алып, иығына шапан жабылды. Бұл ретте, біз Ақселеу Сейдімбектің 1997 жылы "Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау" атты толымды еңбегі жарық көргенін атап өткеніміз жөн. Бұл кітаптың толыққанды нұсқасы орыс тіліне аударылып "Мир казахов. Этнокультурологическое переосмысление" деген атпен 2001 жылы жарыққа шықты. Ғылыми еңбек қазақтың ғана емес, бауырлас ұлттардың ықыласына ие болды. Неге десеніз, басылымдарда автор қазақтың төл тарихына, дәстүрлі мәдениетіне, фольклоры мен этнографиясына қатысты мейлінше мол дерек келтірген. Бұл қазақты танымын, тарихын терең зерделеймін деген оқырман үшін маңызды. «Алаштың Ақселеуі» атты фильмде профессор Намазалы Омашұлының «Құлдық сананы бойына дарытпай кеткен адамдар аз ғана болса, соның нақ біреуі осы кісі. Халқын, жерін керемет сүйген адам ғана осылай күресіп өтеді. Ал, ел тәуелсіздік алғаннан кейін бұл кісі бұрынғысынан да жайнап сала берді. Ақаң керемет ашылды. Нағыз Алаштың азаматы болды. Мен Ақанды ұлтын сүюдің хрестоматиялық үлгісін жасап кеткен тұлға деп есептеймін» деген. Ғылыми тұжырымдамаларға негізделген шығарма халықтың тарихына терең бойлауға мүмкіндік береді.

Айта кеткен жөн, Гомер поэмаларының қара сөзбен әңгімеленуі және оның оқырман көңілінен шығуы Ақселеу Сейдімбекке ой салады. Сөйтіп, 1979 жылы оның "Алпамыс батыр" атты кітабы жарық көреді. Қазақтың эпикалық қарымы кең, поэтикалық қуаты тегеурінді жыр-дастандарын насихаттау мақсатынан туындаған бұл еңбегі қара сөзбен баяндалды. Кешікпей-ақ, бұл бастама қазақ қаламгерлерінің арасында қолдау тауып, эпикалық мұралардың біразы қара сөзбен баяндалып, жеке кітап болып мол тиражбен жарық көрді. Кітабы қазақ және орыс тілдерінде бірнеше рет қайта басылып, эстон, чех, неміс тілдерінде жеке кітап болып шықты.

«Дүниеден өтерінен бір жылдай бұрын үйіне барғанымда кітаптың көптігінен ауызғыз бөлме жаққа арнайы сөрелер жасатқанын көрдім. Еденнен төбеге дейін тірелген жаңағы сөрелердің бәрі рутайпаларға арналған папкалармен толтырылған. Қазақ шежіресіне қатысты мың-мың парақ қағазды жылдар бойы ерінбей-жалықпай жинағанының, соның бәрін жүйелеп отырғанының арқасында Ақаң «Қазақтың ауызша тарихы» атты кәдуілгі кітап көлемімен мың беттей болатын ең соңғы, ең басты еңбегін аз уақыттың аясында жазып тастаған» деп бөліседі республикалық Егемен Қазақстан газетінде жарық көрген мақаласындағы бір естелігінде Сауытбек Әбдірахманов.

Ғалымдардың айтуынша, орталық мұрағатта Ақселеу Сейдімбек өзі көзі тірісінде мұрағатқа 3 мыңнан астам құжат тапсырса, соның 700-ден астамы жазысқан хаттары. Жиналған жұрттың назарына 250 құжат ұсынылды. Құрбаншыл ұлтжанды азамат өзінің ғылыми еңбектерін бастамас бұрын, қазаққа тигізер пайдасын ойлады. Ғылыми шығармаларында ұлт руханиятын асыратын мысалдарды қозғап, халық мұрасының көзге ілінбей, елене қоймаған қырларына үнілді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. <http://baq.kz/kk/history/> Жазушылар. «Ақселеу Сейдімбек», 2013 ж
2. Абдрахманов С. «Ақселеу», «Егемен Қазақстан», 2011 ж
3. Айтұлы Н. "Дәурен - ай" - Ақанның өз тағдырымен өзектес ән : ақын Н.Айтұлымен сұхбат
4. Әлжантегі Т.Асқар тау ешқашан да аласармайды... // Орталық Қазақстан. - 2012. - 23 тамыз (№ 142/143). - 5 б.
5. Сейдімбек А. «Серпер», Алматы. «Жазушы». 1982 ж

6. Сейдімбек А. «Қазақтың ауызша тарихы» Шежірелік деректерді пайымдау. - Астана. «Фолиант». 2008ж.

7. Салғараұлы Қ. Ұлтжанды: Ақселеу Сейдімбек -қаламгер, этнограф, зерттеуші // Егемен Қазақстан.- 2002.- 23 қазан.-3 б.

8. Жүсіп Н.Ақселеу әлемі // Қазақ әдебиеті. - 2012. - 24-30 тамыз (№ 35). - 6 б.

Шарипов А.К., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, факультет философии и психологии, магистрант гр. МФ-12

(Научный руководитель – д.фс.н., профессор **Батурич В.С.**)

ЧЕЛОВЕК КАК ОНТОФАНИЯ СВОБОДЫ

Макс Шеллер писал: «Человек есть то единственное место, в котором и посредством которого первосущее не только понимает и познает само себя но он есть также то сущее, в свободной решимости которого Бог может осуществить и спасти свою чистую сущность. Назначение человека больше, чем быть только "рабом" и послушным слугой Бога, оно больше, чем быть только "сыном" некоего готового в себе и совершенного Бога. В своем человеческом бытии, которое есть бытие решимости, человек достоин более высокого звания со-стязателя, со-ратника Бога, которому суждено нести знамя божества, знамя "Deitas", осуществляющегося лишь вместе с мировым процессом, впереди всех вещей в штормовой стихии мира" [1, с. 113].

Если отбросить поэтическую составляющую этой цитаты и попытаться определить онтологическое основание паритетности человеческого и божественного, мы придем к выводу, что таковым является свобода.

Свобода, как проблема философии, несмотря на огромное количество разнообразных вариантов решения, в сущности, сводится к двум принципиальным трактовкам, которые могут быть выражены следующими формулами:

- 1) Свобода есть познанная необходимость (Спиноза [2], Гегель [3])
- 2) Свобода есть Ничто (Бердяев [4], Сартр)

Эксплицируя смысл первой формулы, можно привести слова Шеллинга, блестящего знатока философии Спинозы. Шеллинг пишет: «Проблема выбора встает там, где имеет место сомнение, где воля не прояснена, и следовательно, не свободна. Кто знает, что ему нужно, действует, не выбирая, то есть, поступает по необходимости» [5, с. 45]. Отличить необходимость от случайности способен только разум, поэтому свобода есть именно познанная необходимость, а свободным может быть только разумный человек. На это указывает и Гегель, который пишет следующее: «Когда мы слышим, что свобода состоит в возможности делать все, чего хотят, мы можем признать такое представление полным отсутствием культуры мысли» [6, с. 44]. Необходимости присуща универсальность, случайность же всегда индивидуальна. Свобода - это самодетерминация. Но детерминация собственными желаниями и прихотями не есть свобода, потому что желание – индивидуально. Свободен только разум, так как он знает необходимое. В этом отношении – разум универсален. Свободу человек обретает, исходя из целого (универсума), а не из части (себя). Абсолютная свобода и абсолютная необходимость совпадают. Одно существует в другом и через другое. Абстрактная свобода без необходимости есть произвол и только вкуче с необходимостью она есть Дух. А Дух, по словам Шеллера, и составляет сущность человека как свободного существа [7].

Таким образом, подводя итог первой формуле, мы можем заключить, что истинная свобода состоит в осознанном и добровольном согласии с необходимостью и действовании в соответствии с ней.

Вторая формула контекстуально вписывается в традицию экзистенциальной философии, которая, как известно, утверждает отсутствие какой бы то ни было необходимости, а вместо этого постулирует тотальный вселенский произвол, именуемый абсурдом. Вследствие чего определение смысла и существа свободы приобретает совершенно иной характер. Характерный для экзистенциального понимания свободы тезис сформулировал Сартр. Он звучит так: «существование предшествует сущности» [8]. При этом под сущностью понимается «нечто» (что-то), а под существованием «ничто». Важно понять, что «ничто» означает не отсутствие вещи, а отсутствие определенности качеств вещи. Единственной вещью, чьи качества не определены в наличной данности, Сартр называет человека. Камень, вилка, картина – суть фиксированные в своей сущности вещи, остающиеся неизменными в смысловом отношении. Камень есть камень, и он не может стать